

Глубокое аудандық әкімдігінің «Глубокое қ. Жас техниктер станциясы»  
Коммуналдық Мемлекеттік Қазыналық Кәсіпорыны

**«ХАЛЫҚТЫҚ КӘСІПТЕР»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарламаны іске асыру мерзімі: 3 жыл

Оқушылар жасы: 8 – 13 жас

Бағдарламаны әзірлеген:  
Қосымша білім беру педагогы  
Максимовская Светлана Михайловна

Глубокое қ. 2014

## Түсінік хат

XXI ғасырда технологиялық білім беру түрі ең қажетті болып табылады. Қоғамның қазіргі кездегі дамуы жеке адамның потенциалды қабілетін толық іске асыруды қамтамасыз ететін жаңа, ғылыми және жоғары технологияларды адам қызметінің барлық салаларына жедел түрде енгізуімен ерекшеленеді. Біздің осындай тенденциямыз өсіп келе жатқан жас ұрпақтан технологиялық мәдениетті меңгерген және осы үшін қажетті ғылыми білімді, дайындықты қажет етеді. Технологиялық мәдениет – бұл өзгертілуге негізделген қоршаған әлемге жаңа қарым - қатынас, адамның өмір сүру ортасын жақсарту және жетілдіру болып табылады. Технологиялық білім беру адамның қазіргі технологиялық әлемде өмір сүруге және гармониялық дамуға мүмкіндікті қамтамасыз етуі қажет.

Технологиялық білім беру өзіне ақпараттық – танымдық және қызметтік компоненттерді қосады.

Ақпараттық компонент (техника-технологиялық құзырлық) технологиялық білім мен білікті айқындайды.

Қызметтік компонент – бұл оқушылардың пайда болу алгоритмін, өзгермелі, шығармашылық қызметіне бағытталған жеке технологиялық ойлауын дамытатын тәжірибелік меңгеруі. Бұл жерде баланың білім алудағы табыстылығы өз бетімен жұмыс істей білуі және орындалған жұмыстың сапасы негізгі критерилері болып табылады, сондай-ақ мәселелерді шешу үшін түрлі ақпарат көздерін қолдана білулері қажет.

Қол еңбегі – біржақты интеллектуалдық қызметті теңестіруге себепкер универсалды білім беру құралы.

Физиологтар мынаны анықтады, біздің саусақтарымыз ішкі және ми органдарымен тығыз байланысты. Сондықтан қолдарды жаттықтыру организмнің өзін реттеуін жүйеге келтіреді, басқа органдардың және мидың функционалды қызметін жоғарлатады. Интеллектің және қолдың дамуының байланысы туралы бұрыннан белгілі. Ең бір қарапайым қолмен жасалған жұмыстар үнемі назарды және баланың ойлауын қажет етеді. Қолмен жасалатын жұмыс мидың ары қарай жетілуін дамытады. Бұйымдарды жасау – бұл тек қандай да бір қозғалысты орындау емес. Бұл тәжірибелік интеллекті дамытуға жұмыс істеуді қажет етеді: балаларда берілген тапсырманы сараптауға және оның орындалу барысын жоспарлауға үйретеді.

Баланың туылған күнінен бастап шығармашылық қабілеттерін ашуға, ізденушілік қызметін, толықтай меңгеруге, әлемді толықтай қабылдай білуге баулиды. Баланың толық ашылуына қалай көмектесуге болады? Шығармашылық өсу динамикасы үшін жағдайды қалай жасау керек және баланың әлемді жан-жақты білуіне деген қызығушылығын қолдау керек. Бұл жерде табиғи материалдан өру көмектеседі (*қоға, шарбақ, жүгері жапырақтары және басқалар*) – ең бір қарапайым, қызықты және түсінікті жұмыс тәсілдері болып табылады. Бұл жерде балаға өзі үшін табиғи материалдың қыр-сырын білуге, қасиетін және құрылысын білуге мүмкіндік береді. Өру үшін табиғи материалмен жұмыс жүйесі қарапайымнан күрделіге ұстанымы бойынша құрылған. Бірнеше технологияларды меңгеру шыдамдылықты және ұқыптылықты қажет етеді, шығармашылық шеберлік деген – бұл әрқашан еңбек ету болып табылады.

Бағдарлама балаларда бейнелеу өнерін, әдеби – құрастырушылық қабілеттерін, стандарттан тыс ойлауды, шығармашылық жеке тұлғалықты дамытуды қарастырады. Бұл балаларды тек гармонияны сезу қабілетін ғана емес, сондай-ақ кез келген өмірлік жағдайларда, адамдармен қарым-қатынаста, қоршаған ортамен байланысын үйретеді.

Балалар шығармашылығы үшін табиғи материалды ештенемен салыстыруға болмайды (онай өңделеді, құралдардың аздығы). Бұл табиғи материалдың қабілеттілігі өз формасын сақтайды және күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар (қарындаш салғыш, кашпо, кәрзеңкелер және т.б.).

Қоғамен, шарбақпен кез келген жұмыс – байлау, өру – тек қызықты ғана емес, сондай-ақ танымды. Табиғи материал балаға шығармашылық қуанышын сезуге, ойын іске асыруға, өзінің жеке тұлға ретінде көрсетуіне мүмкіндік береді. Балалар қоға, шарбақ, жүгері жапырақтары сияқты әмбебеп өсімдіктердің қасиеттерін және сипаттарымен танысады және бұлардан

жасалған қызықты бұйымдармен танысады. Бұдан басқа балалар құрастырушылық дағдыларды, оқу – зерттеушілік жұмыстар дағдысын, ұжымда жұмыс істей білуді және басқа адамның пікірін тыңдай және қабылдай білуді меңгереді.

«Халықтық кәсіп» балалар үйірмесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін іске асыру және дамыту мақсатында құрылған. Үйірме жұмысы балалардың тәжірибесін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып ұйымдастырылады. Табиғи материалдармен жұмыс дағдылары жоқ балалармен де жұмыс жүргізіледі.

Балалар бірқалыпты жұмысты ұнатпайды, олар тез шаршап кетеді, келешекте балалардың жұмысқа деген қызығушылығы жоғалады, сондықтан әрбір сабақтарда бұйымдар түрлерін ауыстырып отыру қажет. Еңбек тиімділігін жоғарлатуға, шығармашылықты, қиялды, ойларын балалар өз жұмыстарында қолдануға міндетті. Ең маңыздысы, балалар жұмыс кезінде өздерінің шығармашылығын, қиялын, ойларын қолдана білсе, еңбек тиімділігін жоғарлатуға көмектеседі. Үйірменің жұмысы дұрыс қойылса үлкен тәрбиелік маңызы болады. Балаларда ұжымшылдықтың сезімі, өз еңбегі үшін жауапкершілік және мақтаныш қасиеттері дамиды, басқа адамдардың еңбегін құрметтей білуді үйренеді.

Үйірмедегі жұмыс - шығармашылықтың дамуының, ойлау қабілетінің дамуының, эстетикалық талғамның дамуының, сондай-ақ балалардың құрастырушылық ойлауларын дамытудың тамаша құралы.

Балалар дайын бұйымдарды көре тұра, оларды салыстырады, артықшылықтарын және кемшіліктерін көреді, өз жұмыстарына сыни көзбен қарайды, оларда аналитикалық ақыл пайда болады. Бұның ерекшелігі балалар өз еңбегінің маңыздылығын және айналадағылар үшін пайдасын сезеді. Жетекші үшін балалардың эстетикалық талғамын жетілдіру өте маңызды, тамаша сезімді дамыту, бала қызметінің шығармашылық бастамасын қолдау болады.

Бағдарлама 2-5 сыныптар оқушылары үшін 3 оқу жылына есептелген. Оқушылар үйірмеге ерікті түрде қатысады.

*Берілген бағдарламаның өзектілігі* оқушылардың қоғадан өру негізін және бастапқы сапалы теориялық білім алу үдерісі.

*Бағдарламаның жаңашылдығы* оқушылар курстың оқу үрдісінде табиғи материалдармен және әртүрлі ақпараттармен, түрлі әрлеу материалдармен жұмыс істей білуді қалыптастырады.

*Бағдарламаның педагогикалық мақсаттылығы* оқытудың жеке траекториялығы бойынша әр тәрбиеленушінің өзін жылжытуда қолдау бағдарына негізделген.

**Мақсаты** – әдеби және техникалық шығармашылыққа қызығушылық білдіретін және еңбек еткісі келетін шығармашылықты, белсенді тұлғаны тәрбиелеу, балалардың шығармашылық қабілеттерін іске асыру және дамыту

#### **Міндеттері:**

1. Жеке қасиеттерін дамыту (белсенділікті, инициативтілікті, ерік-жігерді, жан-жақтылықты және т.б.), интеллекті (назар, жадыны, қабылдауды, образды және образды-логикалық ойлауды, сөйлеуді) және шығармашылық қабілеттерді (тұтастай шығармашылық қызмет негіздерін және технологиялық және құрастырушылық ойлау элементтерін);

2. Адамның қолы мен ақылымен жасалған әлем туралы жалпы түсінігін және адамның табиғатпен қарым – қатынасы туралы түсінігін, технологиялық ойларын және жобаларын іске асыру үшін идеяларын қалыптастыру.

3. Табиғи ресурстарға дұрыс экологиялық қатынасты тәрбиелеу, техникалық прогресстің жақсы және жаман жақтарын көре білуге үйрету, бұрынғы ұрпақтың еңбек ету қызметінің нәтижесі мәдениетті халық және адам еңбегін құрметтеу.

4. Балалардың қарапайым жинақталған техника – технологиялық және ұйымдастырушылық – экономиялық білімдерін меңгерту.

5. Оқушылардың жеке өмірлік-тәжірибелік тәжірибесін, адам өміріндегі техниканың рөлі туралы, мәдениеттің түрлі салаларындағы адамның кәсіби қызметі туралы ұғымды кеңейту және байыту.

#### **Бағдарламаны іске асыру шарты.**

Оқу-тақырыптық жоспарда көрсетілген тараулар бойынша сабақтарды өткізу үшін қажет:

а) Бірыңғай шығармашылық топ құру

- б) Желдеткіш жүйесімен және тәрбиеленушілердің жұмыстарын көрсететін және сақтайтын жұмыс үстелдері, орындықтарымен жабдықталған сыныптар;
- в) құрал - саймандар: тістеуіктер, домалақ қысқыштар, балға, секатор, кесетін пышақ, үлкен және кішкентай біз, бау байлағыш.
- г) материалдар: қоға, жүзім, лак, ПВА желімі, жүгері жапырақтары.
- д) әдістемелік әдебиет және дидактикалық материалдар:
  - білім беру үдерісін қамтамасыз ететін әзірлемелер (жоспарлар, конспектілер)
  - сабақтарды өткізу үшін әзірлемелер (схемалар, таблицалар, үлестірмелі материалдар)
  - қоғадан жасалған сызбалар, эскиздер, суреттері бар жинақтар және оларды дайындау бойынша нұсқаулар.

### **Сабақтарды жүргізу формалары.**

Сұхбаттар, кеңестер, практикумдар, экскурсиялар, балалар мен педагогтардың біріккен қызметтері, өзіндік жұмыс.

### **Балалармен жұмысты ұйымдастыру формалары:**

- ұжымдық;
- топтық;
- жеке.

## **Күтілетін нәтижелер:**

### **1-ші оқу жылдың аяғына тәрбиеленушілер**

#### *Білу керек:*

-өру кезінде қолданылатын құрал – саймандармен жұмыс істеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережесін;

- жергілікті жерде қоға түрлерін және оның қасиетін;
- қоғаны сақтау және дайындау ережесін;
- қоғадан өру тәсілдерін және түрлерін;
- дайын заттарды сырмен сырлау әдістерін.

#### *Істей білу керек:*

- жұмыста құрал – саймандарды дұрыс қолдана білу;
- жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдай білу;
- қоғадан өрудің әртүрлі тәсілдерін қолдану;
- дайын затты лакпен бояу.

#### *Бағдарламаны іске асыру нәтижесін өткізу формалары:*

- оқушылардың сайыстарға қатысуы, шығармашылық жобаларды қорғауы, заттардың ұжымдық көрмелері.

## **Күтілетін нәтижелер:**

### **2-ші оқу жылдың аяғына тәрбиеленушілер**

#### *Білу керек:*

-өру кезінде қолданылатын құрал – саймандармен жұмыс істеу кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережесін;

- жергілікті жердегі қоға түрлерін және оның қасиетін;
- қоғаны сақтау және дайындау ережесін;
- қоғадан өру тәсілдерін және түрлерін;
- дайын заттарды сырмен сырлау әдістерін.

#### *Істей білу керек:*

- жұмыста құрал – саймандарды дұрыс қолдана білу;
- жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдай білу;
- қоғадан өрудің әртүрлі тәсілдерін қолдану;
- дайын затты лакпен бояу.

#### *Бағдарламаны іске асыру нәтижесін өткізу формалары:*

- оқушылардың сайыстарға қатысуы, шығармашылық жобаларды қорғауы, заттардың ұжымдық көрмелері.

**Күтілетін нәтижелер:**  
**3-ші оқу жылдың аяғына тәрбиеленушілер**

*Білу керек:*

- Қол құралдарының (қайшы, ине) атауларын және қолдану аясын, бақылау – өлшеу құралдарын (сызғыш, бұрыш, циркуль), ыңғайластырылған (қалып, түйреуіштер) және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережесін;
- Кесетін және үшкір саймандармен жұмыс кезіндегі жеке тазалық ережесі;
- Қарым-қатынас ережесі;
- Оқушылардың өз жұмыстарында қолданатын материалдардың атаулары және қасиеті;
- Бөлшек дегеніміз не (бұйымның құрамдық бөлігі);
- конструкция дегеніміз не және бұйымдар құрылысы бір бөлшекті және көп бөлшекті;
- бұйымдарға, конструкциялар дизайнына қойылатын негізгі талаптар (пайдасы, ыңғайлылығы, әдемілігі);
- қиын емес бұйымдарды орындау жүйелігі: белгілеу, кесу, жинақтау, әрлеу;
- белгілеу тәсілдері: қалып бойынша бүктеу;
- жіптер және жұқа жіптер, сымдар, ПВА желімі, клейстердің көмегімен жалғау тәсілдері;
- әрлеу түрлері: бояу, аппликациялар.

*Істей білу керек:*

- түрлі жерлерден алынған қосымша ақпараттарды табу және қолдану (сондай – ақ Ғаламтордан);
- бақылау, салыстыру, қарапайым түрде жинақтау;
- материалдарды қолданылуы бойынша таңдау;
- қарапайым бұйымдардың бір бөлшекті және бірнеше бөлшекті конструкцияларын айыра білу;
- қарапайым сызбаны оқи білу (сызба);
- қарапайым бұйымдарды жасау бойынша үйренген операциялар мен тәсілдерді сапалы орындау: үнемдеп бүктеп белгілеу, қалып бойынша, қайшылармен қию, желімнің көмегімен бұйымдарды жинау, аппликациялармен және суреттермен бұйымдарды ұқыпты және әдемілеп әрлеу.
- Кесетін және өткір саймандарды қауіпсіз қолдану және сақтау (қайшылар, біздер);
- Қоғамдық жерлердегі жүру тәртібін ережесін орындау;
- Жеткілікті деңгейдегі экологиялық мәселелерді шешудегі әрекеттерді орындау (жеке гигиена, қоғамда және табиғатта өзін ұстау мәдениеті, қоғамдық жерлерде және тұрмыста тазалықты сақтау, қарым – қатынас мәдениеті – сөйлеуі, этикет және т.б.)

### 1 –ші оқу жылының оқу-тақырыптық жоспар.

№	Тараулар атауы	Барлығы	Теория	Тәжірибе
1	Кіріспе сабақ. Өру үшін қажет саймандар және материалдар. Қауіпсіздік техникасы.	3	2	1
2	Кәсіпшілік тарихы. Өрілген заттар түрлері. Өру үшін қажет материалдарды дайындау.	7	3	4
3	Өру түрлері.	50	10	40
4	Кәдесыйлар, ойыншықтар және қоғадан жасалған суреттер.	35	7	28
5	Өрілген гүлдерді дайындау.	30	5	25
6	Ыдыстар үшін, ыстық тағамның астына қойылатын зат.	35	5	30
7	Ыдыстарды өру.	56	10	46
	Барлығы:	216	42	174

### 2-ші оқу жылына оқу - тақырыптық жоспар.

№	Тараулар атауы	Барлығы	Теория	Тәжірибе
1	Кіріспе сабақ. Техника қауіпсіздігі.	3	2	1
2	Өрілетін бұйымдарды дайындау технологиясы. -Жұмыс орны, саймандар. -Өру үшін керек заттарды өңдеу.	12	3	9
3	Өрудің негізгі түрлері мен тәсілдері.	60	10	50
4	Өрілген гүлдерді дайындау.(қоға, жүгері жапырақтары)	27	3	24
5	Тұмарлар, ойыншықтар, кәдесыйлар.	57	7	50
6	Үйге қажетті бұйымдарды өру.	30	5	25
7	Тұғырықты өру.	27	6	21
	Барлығы:	216	36	180

### 3-ші оқу жылының оқу – тақырыптық жоспары.

№	Тарау атауы	Барлығы	Теория	Тәжірибе
1	Кіріспе сабақ.	6	3	3
2	Өрілген бұйымдарды жасау технологиясы.	9	3	6
3	Қоғадан өру түрлері мен тәсілдері. Жалпақ өрімдер	39	9	30
4	Қарапайым бұйымдарды өру	54	12	42
5	Панно өру	18	3	15
6	Өзің өр	54	9	45
7	Қоғадан жасалған мүсін	36	6	30
	Барлығы	216	45	171

## **Мазмұны.**

### **1 –ші оқу жылы**

#### **Кіріспе сабақ.**

*Теория:* Үйірменің осы оқу жылының жұмыс жоспарымен, мақсаттарымен, міндеттерімен танысу. Қоғадан жасалған заттарды орындаған кездегі құрал-саймандармен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техника нұсқаулығы.

*Тәжірибе:* Тәрбиеленушілердің сауалнама толтыруы.

#### **Кәсіпшілік тарихы. Өрілген заттар түрлері.**

*Теория:* Өрілген заттардың пайда болу тарихымен танысу. Табиғи материалдан жасалған заттардың слайдтарын, фотоларын, видеоматериалдарын көру. Өрілген заттар элементтерінің атаулары: түбі, бүйір қабырғалары, бүктелген жері, тұтқасы. Қамыс қоғаны дайындау тәсілдері, орны және уақыты. Сақтау тәсілдері.

*Тәжірибе:* Экскурсия. Өру үшін материалдар дайындау.

#### **Өру түрлері.**

*Теория:* Өру тәсілдерімен танысу (жіп, тұлымшақ, «шахмат» бойынша өру, бұрап өру, селдірлеп өру және басқалар)

*Тәжірибе:* Өрудің әртүрлі тәсілдерін орындау үшін материалдар таңдау. Заттар мен өру тәсілдерінің қатынасы. Өрудің қарапайым тәсілдерін орындау.

#### **Кәдесыйлар, ойыншықтар және қоғадан жасалған суреттер.**

*Теория:* Өру тәсілдерін қайталау. Кәдесыйлар және ойыншықтардың пайда болу тарихы.

*Тәжірибе:* Кәдесый заттарын дайындау: ыдыстың астына қойылатын зат, панно және басқа заттар. Өрілген ойыншықтар және бетперделер.

#### **Өрілген гүлдерді дайындау.**

*Теория:* Әдебиетпен жұмыс. Экспонаттар сараптамасы. Заттардың тақырыбын таңдау және оның орындау техникасы.

*Тәжірибе:* Гүлдерді дайындау кездегі әртүрлі тәсілдерді қолдану.

#### **Ыдыстар үшін, ыстық тағамның астына қойылатын зат.**

*Теория:* Материалдарды таңдау. Өру тәсілін өздігінен таңдау.

*Тәжірибе:* Келешектегі заттың эскизін орындау. «Тұлымшақ» тәсілімен ыстық тағамның астына қоятын затты дайындау, әртүрлі тәсілдермен өру.

#### **Ыдыстарды өру.**

*Теория:* Келешектегі заттың эскизін таңдау. Өру тәсілдерімен затты орындау кезеңдері. «Жіп» тәсілімен өру, селдірлеп өру.

*Тәжірибе:* Жұмысты орындау, дайын затты әрлеу. Өрудің барлық үйретілген тәсілдерін тәжірибеде қолдану.

## **Мазмұны.**

### **2 –ші оқу жылы**

#### **Кіріспе сабақ.**

*Теория:* Осы оқу жылындағы үйірме жұмысының жоспарымен, мақсаттарымен және міндеттерімен танысу. Жүгеріден және қоғадан бұйымдарды орындағандағы қажетті құралдармен жұмыс кезіндегі техника қауіпсіздігі туралы нұсқаулық.

*Тәжірибе:* Тәрбиеленушілердің сауалнама толтыруы.

#### **Өрілген бұйымдарды жасау технологиясы.**

*Теория:* Өрілген бұйымдардың пайда болу тарихымен танысу. Табиғи материалдан жасалған бұйымдар туралы фото, слайдтар, видео көру. Қоға, жүзім және жүгері жапырақтарынан өріудің негізгі түрлері мен тәсілдерімен танысу. Өрілген заттар элементтерінің атаулары: түбі, бүйір қабырғалары, бүктелген жері, тұтқасы. Қамыс қоғаны дайындау тәсілдері, орны және уақыты. Сақтау тәсілдері.

*Тәжірибе:* Экскурсия. Өру үшін материалдар дайындау.

#### **Өрудің негізгі түрлері мен тәсілдері.**

*Теория:* Өру тәсілдерімен танысу (жіп, тұлымшақ, «шахмат» бойынша өру, бұрап өру, селдірлеп өру және басқалар)

Композиция ұғымымен танысу, композицияны құрастыру.

*Тәжірибе:* Өрудің әр түрлі тәсілдерін орындау үшін материалдар таңдау (қоға, жүгері жапырақтары). Заттар мен өру тәсілдерінің қатынасы. Өрудің қарапайым тәсілдерін орындау.

#### **Өрілген гүлдерді дайындау.**

*Теория:* Әдебиетпен жұмыс. Экспонаттар сараптамасы. Заттардың тақырыбын таңдау және оның орындау техникасы.

*Тәжірибе:* Гүлдерді дайындау кездегі әр түрлі тәсілдерді қолдану.

#### **Тұмарлар, кәдесыйлар және ойыншықтар.**

*Теория:* Өру тәсілдерін қайталау. Кәдесыйлар және ойыншықтардың пайда болу тарихы.

*Тәжірибе:* Кәдесый заттарын дайындау: ыдыстың астына қойылатын зат, панно және басқа заттар. Өрілген ойыншықтар және бетперделер.

#### **Үйге қажетті бұйымдарды өру.**

*Теория:* Келешектегі бұйымның эскизін таңдау. Өру тәсілі арқылы орындау кезеңдері. Түбі түрлі формаларды өру. «Жіп» тәсілімен өру, селдірлеп өру, тұлымшақ тәсілімен өру.

*Тәжірибе:* Жұмысты орындау, дайын бұйымды өңдеу. Барлық зерделеген тәсілдерді тәжірибеде қолдану.

#### **Ыдыстар үшін, ыстық тағамның астына қойылатын зат.**

*Теория:* Материалдарды таңдау. Өру тәсілін өздігінен таңдау.

*Тәжірибе:* Келешектегі заттың эскизін орындау. «Тұлымшақ» тәсілімен ыстық тағамның астына қоятын затты дайындау, әртүрлі тәсілдермен өру.



### 3-ші оқу жылының мазмұны.

#### **Кіріспе сабақ.**

*Теория:* Осы оқу жылына арналған үйірме жұмысының жоспарларымен, мақсаттарымен, міндеттерімен танысу. Қоғадан жасалған бұйымдарды орындаған кездегі қажетті құрал – саймандармен жұмыс кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық.

*Тәжірибе:* Тәрбиеленушілердің сауалнама толтыруы.

#### **Өрілген бұйымдарды жасау технологиясы.**

*Теория:* Жұмыс орны. Саймандар. Бұйымды бояу технологиясы.

*Тәжірибе:* Экскурсия. Өру үшін заттарды дайындау.

#### **Қоғадан өрудің түрлері мен тәсілдері. Жалпақ шарбақтар**

*Теория:* Өру тәсілдерін қайталау (жіп, бұрым, «шахмат» өру, «мүйіз», «тістегіш», ширақты спиралды өру, бұрау, селдірлеп өру және басқалар.)

*Тәжірибе:* Өрудің түрлі тәсілдерін орындау үшін материалдарды таңдау. Бұйым мен өру тәсілінің байланысы. Қарапайым бүктеу арқылы және қарапайым өру тәсілдерін орындау.

#### **Қарапайым бұйымдарды өру**

*Теория:* Өру тәсілдерін қайталау. Кәдесыйлар мен ойыншықтардың шығу тарихы.

*Тәжірибе:* Кәдесый бұйымдарын дайындау: салғыштар, панно және басқа бұйымдар. Өрілген ойыншықтар мен бетперделер.

#### **Панно өру.**

*Теория:* Панно ұғымы, жасау тәсілдері, қолданылуы.

*Тәжірибе:* «Білдекте» панно үшін негізді өру, ернеулерін рәсімдеу, композицияларды құрастыру.

#### **Өзің өр.**

*Теория:* Материалды таңдау. Өру тәсілін өз бетімен таңдау.

*Тәжірибе:* Келешектегі бұйым сызбасын орындау. Келешектегі бұйымды жасау, түрлі тәсілдермен өру.

#### **Қоғадан жасалған мүсін.**

*Теория:* Келешектегі бұйымның сызбасын таңдау. Өру тәсілі арқылы бұйымды орындау кезеңдері. «Жіп» тәсілімен өру, селдірлеп өру.

*Тәжірибе:* Жұмысты орындау, дайын затты өңдеу. Үйренген өрудің барлық түрлерін тәжірибеде қолдану.

**Әдебиеттер:**

1. Л.В.Загребаева Плетение из соломки, бересты и лозы.-Мн.: Миринда, 2000.
2. Дубровский В.М., Логинов В.В. Плетение из ивового прута: Справочное пособие.-М.: Лесн.пром-сть, 1990.
- 3.Кузнецова Н.М. Плетение из соломки. Сувениры/Н.М.Кузнецова, Т.Г.Розинская. – М.: Издательский Дом МСП, 2006.
4. Голубева Н.Н. Аппликация из природных материалов. – М.: Культура и традиции, 2002.
5. Материалы Интернета: